

туралы» Заңы, 2011 – 2020 Қазақстан республикасы білімін дамыту Мемлекеттік бағдарламасы, ОҚМУ Жарғысы, Ұжымдық – шарт және ОҚМУ ішкі тәртіп Ережелері мен жалпыға танымал әдептік және этикалық нормалары мен тәртіп принциптері негізінде жасалған.

**1.6.** Кодекстің ережелері университет ғылыми кеңесінің шешімімен өзгертіліп, толықтырылады.

**1.7.** Осы Кодекстің нормалары мен ережелері бұзылғандығы университет ұжымының қоғамдық пікірімен айыпталады. Егерде назар аударатындағы қателік жіберілген жағдайда әкімшілік, немесе тәртіптік жаза түріндегі шара қолданылуы мүмкін.

## **2. КОРПОРАТИВТІК ПРИНЦИПТЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

**2.1.** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің іс – әрекеті келесі принциптерге негізделген:

**2.1.1.** ОҚМУ өз іс – әрекетіне Болон декларациясы және білім, ғылым, тәрбие процесстерінің бірлігіне негізделген ғылыми білім беру қызметінің инновациялық орталығы.

**2.1.2.** ОҚМУ келешекке ұмтылған, озат білімді таратушы, зерттеуші жоғары оқу орнының концепциясын тиімді жүзеге асыруши университет.

**2.1.3.** ОҚМУ ғылыми – зерттеулер мен жасалымдардың нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған технологиялар трансфертін қамтамасыз ететін қазіргі заманға сай ғылыми – зерттеу орталығы.

**2.1.4.** ОҚМУ өз оқытушыларын, қызметкерлерін және білім алушыларын бағалап, құрметтейді және әрқашан ең жоғары этикалық стандарттарға сәйкес әрекет етеді.

**2.1.5.** ОҚМУ жемқорлық және құқық бұзушылықтың ешқандай түріне жол бермейді.

**2.1.6.** ОҚМУ академиялық бостандықты және жауапкершілікті жария етеді, университеттің дәстүрін, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды сақтап, дамытады.

**2.1.7.** ОҚМУ өскелең ұрпақты жоғары азаматтық жауапкершілік, отансұйғыштік, әдептілікті тәрбиелеуге ұмтылады.

**2.1.8.** ОҚМУ оқытушылардың, қызметкерлердің және білім алушылардың креативтілігіне, инновациялықтарына және серіктестігіне бағытталған.

**2.1.9.** ОҚМУ университеттер Ұлы Хартиясына қол қойған, халықаралық білім беру қауымдастырының мүшесі бола отырып

